

"Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы »1998 жылғы 29 маусым N 611

Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік сыртқы заем есебінен ішінара қаржыландырылатын, 180 миллион Америка Құрама Штаттары долларынан аспайтын сомадағы "Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің және Көлік және коммуникациялар министрлігінің осы жобаны қаржыландыру үшін Жапонияның Шетелдік экономикалық ынтымақтастық қорының (ОЕСФ) заемын тарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамы Жапонияның Шетелдік экономикалық ынтымақтастық қорының (ОЕСФ) заемы бойынша "Атқарушы агенттік" (түпкілікті заемшы) болып және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ОЕСФ заемы бойынша "Қадағалаушы агенттік" (тартылған қаражаттың ұтымды, тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган) болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.27. N 1062 қаулысымен. P 0 2 1 0 6 2 _

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің және Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсыныстарын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ОЕСФ заемның 20%-ін "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамына несие ретінде, 80%-ін өтеусіз негізде республикалық бюджеттен береді деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.27. N 1062 қаулысымен. P 0 2 1 0 6 2 _

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті, Көлік және коммуникациялар министрлігі және "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамы осы қаулының 3 және 4-тармақтарында көзделген ұсыныстарды есепке ала отырып, Жапонияның Шетелдік экономикалық ынтымақтастық қорымен (ОЕСФ) техникалық келіссөздер жүргізсін және хаттамаға қол қойсын.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.27. N 1062 қаулысымен. P 0 2 1 0 6 2 _

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының 3, 4, 5-

тармақтарында көзделген ережелерді ескере отырып, Жапонияның Сыртқы істер министрлігімен ресми ноталармен алмасуды жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесе отырып, Жапонияның Шетелдік экономикалық ынтымақтастық қорымен (ОЕСФ) Заем туралы келісімді қол қоюға дайындасын;

"Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамымен тиісті несие келісіміне қол қойсын;

1999 жылдан бастап республикалық бюджеттің жобаларында аталған жобаны өтеусіз қаржыландыру үшін қаражат көздейтін болсын.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.27. N 1062 қаулысымен.

P021062_

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі